ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№

25.04.2019г. № КВГА-13

**Директору
ТОО «Архдизстрой»
Сұлтан М.Б.**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 10.04.2019 жылғы №38353 арызыңыз негізінде, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен арызда көрсетілген «Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ веб-порталға жарияланған, №3156901-1 «Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар ауылындағы жаңа құрылыс алқабының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының су құбыры желісінің құрылысын салу» нысанына жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу» хабарландыруының қорытынды хаттамасы шешімінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай – Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік алуды жүргізу қағидалары» талаптарына (*әрі қарай – Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Камералдық бақылау барысында, Сіздің арызда көрсетілген уәждеріңіз расталды, конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін Заң және Қағида талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданды.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

Заңның 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төраға Орынбасары /подписано/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-76-08